



Автор: Алкуатова Айгул Шоферовна

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Аудан. Шамалар

Тақырып: Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын табу

Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын табу	Тікбұрышты үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш ауданы формуласын: $S = (a.b):2$, $S=a^2$, $S=a.b$ шығарып алу және қолдану
--	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
--------------------	------------------------	-----------

Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын табу (25.11.2019)	Сабақ тақырыбы Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын табу Сабақ негізделген оқу мақсаттары 3.3.1.3 тікбұрышты үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш ауданы формуласын: $S = (a.b):2$, $S = a^2$, $S = a.b$ шығарып алу және қолдану Сабақтың мақсаты Барлық оқушылар: есептерді шығару әдісін түсіндіреді. Көптеген оқушылар: есептеудің жазбаша тәсілдерін пайдаланады. Кейбір оқушылар: оқулықта берілген тапсырмаларды өз бетінше орындайды. Бағалау критерийі -геометриялық фигуралардың белгілерін көрсету -құрамдастырылған пішіндердің периметрін табу, периметр бойынша пішінінің белгісіз қабырғасын анықтау және белгілі қабырғасы бойынша периметрді табуды үйренеді. -тіктөртбұрышты, квадрат, тікбұрышты үшбұрыштың аудандарын табу формулаларын құрастыру және пайдалана біледі. -Шамалардың арасында байланысты есептерді шешкен кезде пайдалану. Тілдік мақсаттары -симметриялы және симметриялық емес геометриялық пішіндер - пішіндердің бір-біріне қатысты орналасуы - көпбұрышты, біріктірілген пішіндер, бұрыш, қабырға, төбе, периметр, аудан Құндылықтарды қалыптастыру Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. Ресурстар Қима қағаздар, стикерлер, бағалау құралдары, слайдтар Әдіс-тәсілдер Түсіндіру, баяндау, ойын Пән аралық байланыс Дүниетану Бастапқы білім Тіктөртбұрыш пен шаршының периметрі мен ауданын табу біледі Сабақ жоспары Сабақ жоспарланған кезеңдері Сабақтағы жоспаланған іс-әрекетРесурстар Ұйымдастыру кезеңдері 2 мин Ынтымақтастық атмосферасын құру Математика керек әр күнде Математика қажет өмірде, Математиканы оқимыз, Миымызға тоқимыз. Топтастыру 2 минут Топқа бөліну Геометриялық фигуралар арқылы топқа бөлу. «Тіктөртбұрыштар», «Шаршылар», «Үшбұрыштар» Қима қағаз артында берілген тапсырмаларды орындау «Тіктөртбұрыштар » тобы тапсырмасы Ұзындығы 8 см ,ені 2 см болатын тік төртбұрыштың периметрін тап. «Шаршылар» тобы тапсырмасы Ұзындығы 7 см болатын шаршының ауданын тап «Үшбұрыштар» тобы Периметр мен ауданның формуласын жазып көрсет. Мақсаты: фигуралардың ауданын ,периметрін және формулаларын жаза біілу. Дағды: оқушыларды ынтымақтастыққа ,бір-біріне көмек көрсету,бірлесіп жұмыс жасауға дағдыландыру Геометриялық фигуралар Жарайсыңдар ! «Ойқозғау» әдісі 4 минут	видеопроектор слайдтар стикерлер смайликтер геометриялық фигуралар кері байланыс бағалау парағы оқулық дәптерлер
--	---	---

